

Қорқыт Атаның қазақ эпосындағы сабақтастық мәдениеті туралы

Қорқыт Ата қазақ топырағында дүниеге келген, түрік халықтарына ортақ ойшыл, жырау, ақын, сазгер әрі тарихи әрі түркі әлемінің фольклорында кеңінен тараған аңыздық тұлға.

Тарихи деректер бойынша, Қорқыт оғыз-қыпшақ тайпаларының VIII – IX ғасырларда Сырдария бойында (Жанкент) ғұмыр кешкен. «Кітаби Қорқыт» эпостық жырының атасы. Қазақ арасында Қорқыт Ата туралы тарихи жыр-дастандар, аңыздар, ән-күйлер көп кездеседі. Қорқыт Желмаясына мініп өлмейтін өмір іздейді, бірақ қайда барса да, алдынан көр қазып жатқан екі адам кезігеді. «Бұл кімнің көрі?» десе, олар: «Бұл Қорқыттың көрі» деп жауап қатады {1}. Осының бәрінен Қорқыт өзінің ажалын көргендей болады:

Өлімнен қырық жыл бұрын Қорқыт қашқан,

Қазылған көрді көріп қатты сасқан.

Тағдырдың тақымына тәнті болмай,

Ажалмен арпалысып жан таласқан.

Өлімнен Қорқыт қашқан қырық жыл бұрын,

Арбасқан биопаның болжап сырын.

Ажалға амал тауып құтылсам деп,

Тағдырға тәнті болмай келген қырын.

«Қайда барсаң – Қорқыттың көрі» дейтін сөз осыдан қалған екен.



Ақыры бұл дүниеде өзгермейтін ешнәрсе жоқ, «сынбас темір жоқ, өлмес өмір жоқ» деген қорытындыға келіп, өлмейтін өмірді өнерден табады. Оның күңірене салған сырлы күйлері шартарапқа тараған. Құдіретті күй сазын естіген адамдар терең ойлар мен сезімдерге бөленген. Қорқыт «*тағдырға жазылған*»

деген фатализмге қарсы күресіп, адамдарға мәңгі өмір іздеуші тұлға ретінде өзін көрсетеді. Бірақ, өлімнің қақпанына түсуіне тура келеді. Соның өзінде де Қорқыт суасты патшалығының бақсысына айналып, қобызымен перілердің іс-қимылын жақсылыққа бұрып отыруға тырысқан. Әлсізге көмектесіп, ауруларды емдеп жазудың жолдарын айтып отырады. Қорқыттың өмірдің қиындықтарына мойымай үнемі күресе білуге шақыруы, әр істің ізгілікпен жақсылыққа негізделіп жүзеге асуын уағыздауы – бұл ғұламаның кейінгі ұрпаққа берген үлкен рухани тәлімі.

Біз үшін Қорқыт бабамыздың артына қалдырған жырлары өте маңызды. «Кітаби Қорқыт» (12 жыр) бүкіл түркі халқына ортақ. Бұл кітаптың екі түрлі нұсқасы бар, оның бірі *Ватикан (Рим)*, екіншісі *Дрезден (Германия)* қаласында кітап қоймаларында сақталуда. 12 жырдың тәртібі мынадай: 1) *Бұқаиш жыры*, 2) *Қазан-Салордың ауылын жау шапқаны*, 3) *Бәмсі-Байрақ (Алпамыс) жыры*, 4) *Қазан баласы Ораздың жауға тұтқын болуы*, 5) *Ержүрек Домрул батыр жыры*, 6) *Қан – Төрәлі жыры*, 7) *Иекенк (пешене) батыр жыры*, 8) *Имран жыры*, 9) *Төбекөз дәу мен Бисат жыры*, 10) *Секрек жыры*, 11) *Қазанның жауға екінші рет тұтқын болуы*, 12) *Сыртқы (қыр) оғыздардың ішкі (Сыр) оғыздарға (түркімендерге) қарсы бас көтеруі* {2}.

«Кітаби Қорқытты» сөз еткенде оны Қорқыт туралы ел аузында жүрген түрлі аңыздармен шатастыруға болмайды. Онда Қорқыттың өз бейнесі емес, оның жырлаған дастандары енген. Қорқыт дастандардың тікелей кейіпкері емес, тек, айтушысы Сыр бойындағы оғыз-қыпшақ заманындағы эпостық жырдың атасы. «Кітаби Қорқыттың» тарихилығы, образдарының саралығы, өмір болмыс тұрғысы, баяндау желісі, салт-сана көрінісі жағынан қазақтың белгілі эпостарымен сабақтасып жатыр. Қорқыттың нақыл сөздерінде (12 жыр алдында алғы сөздерінде берілген) қазақ мақалдарына өте ұқсас, одан көшпелі елдің салт-сана, табиғат және қоғамға деген көзқарасы көрініп тұр. Мысалы: «*Қар қанша қалың жауғанмен көктемнен қалмас*», «*Ескі темір біз болмас, ескі дұшпан дос болмас*», «*Ақын тілді, ат тұяқты келеді*», «*Гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас*», «*Қонағы жоқ үйден түз жақсы*», «*Ұлдың кімнен туғанын ана білер*», «*Ажал келмей кісі өлмес, өлген адам тірілмес*», «*Өнерсіз қыз жаман, өнегесіз ұл жаман*» т.б. {3}.

Қорқыттың өмір сүйгіштік дүниетанымы күнделікті күйкі тірліктің шеңберінен шыға білуге және адамзат үшін (жалпы тірі табиғат үшін) әрбір тіршілік сәтінің құнды екенін ескертуге, қайталанбас уақытты қадірлеуге шақырады, сол арқылы өмірді мәңгілік ету идеясы оның философиясының іргетасын құрайды {4}.

Қорқытты исламды әлі толық қабылдамаған түрік тайпаларының мәдени рәмізі ретінде санауға да болады. Бұған Қорқытты Құдай, аруақ, жындармен қарым-қатынасқа түсе алатын бақсылардың пірі деп танытатын деректер негіз бола алады {5}. Әдетте, ислам дінінде пайғамбар Алланың атынан бағыт беретін болса, Қорқыт өз атынан сөйлейді, жауапкершілікті өзіне алады. Алайда, оғыз

данасы күллі әлемнің жаратушысы Тәңіріні де естен шығармайды. Қорқыт туралы шығармаларда оның бейнесінде тәңірлік, ислами, т.б. діни дүниетаным астасып, құндылықтары тоғысып жатады. Бірақ та, Қорқыт түрік халықтарының мәдениеті тарихында негізінен бақыстардың атасы ретінде қалды. Осы жөнінде ел аузында мынадай жолдар бар:

*Жыраудың үлкен пірі –Қорқыт Ата,
Бата алған барлық бақсы асқан Ата,
Таң қалып жұрттың бәрі тұрады екен,
Қобызбен Қорқыт Ата күй тартқанда.*

Рәміздік тұрғыдан алғанда, Қорқыт қор мен құтты, хаос пен үйлесімділікті түйістіре білген мәдени тұлғаға жатады. Қорқыттың дүниетанымы мәңгі Көк аспанның билеушісі тәңірімен үйлесімді келеді.

Әділәлі Жабықбайұлы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Әлеуметтік ғылымдар факультетінің аға оқытушысы, мәдениеттанушы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Келімбетов Н.* Қорқыт Ата кітабы // Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі, Алматы: 1986. 54-55 б.
2. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 1987. 161 б. 368.
3. *Қаймолдаұлы О.* Қорқыт Ата нарқобызы // Қазақстан мектебі, 1994. № 6, 53-54б.
4. *Ә.Марғұлан.* Қорқыт: аңыз және ақиқат // Қорқыт Ата. Энциклопедиялық жинақ, Алматы: 1999. 53 б.
5. *Қоңыратбаев Ә.* Қорқыт Ата хақында // Қорқыт Ата. Энциклопедиялық жинақ, Алматы: 1999. 473 б.